**БЕКІТЕМІН**
«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
Ректоры
_____________ Қ.С. Байболов
«30» 09 _______ 2025 жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ
*УЕ-43-25*

## МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСТАРЫ

## АЛҒЫ СӨЗ

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Абдуллаева Ж.Д.
3. Келісілді
   - Басқарма Мүшесі – Вице Ректор Рысбекова Ж.К.
   - Ғылым және иновация департаментінің директоры Оралбекова А.Қ.
   - Басқарма Мүшесі – Аппарат басшысы Сугирбекова К.С.
   - Заң қызметінің басшысы Ильясов Р.М.
   - Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы Тауасарова А.С.
4. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланып, мақұлданды №3 30.09 2025 жылы
5. Енгізілді – 2025
6. Тексерілу мерзімі – 2027

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2025

# МАЗМҰНЫ


1. Қолдану саласы 3
2. Сілтемелік құжаттар 3
3. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары 3
4. Жауапкершілік 11
5. Жазбалар тізімі 12
6. Келісу парағы 34
7. Танысу парағы 35
8. Өзгерістерді тіркеу парағы 36


Scanned with CamScanner

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1.Осы магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары ережесі «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) магистрантты өздігінен ғылыми-зертеу жұмысын жүргізуге даярлау, магистрлік диссертация жазу және оны ойдағыдай қорғау оның негізгі нәтижесі болып саналады

1.2. Бұл ереже магистратураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстардың құрылымын, рәсімдеу тәртібін және есеп беру процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын анықтайды. Ереже магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған.

## 2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген;
3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;
5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
6. Құжатталдырылған ақпаратты басқару. Құжаттандырылғын процедура ҚП-06-25.
7. Ғылым және технологиялық саясат туралы. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы.

## 3. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСТАРЫ

3.1. Жалпы ережелер

Scanned with CamScanner

3.1.1. Осы процедура бойынша барлық жұмыстарды ЖОО кейінгі білім бөліміне (бұданәрі - ЖООКББ), факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ғылыми жетекшілер бақылайды.

3.1.2. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнында ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы қарастырылған.

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын (бұданәрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) басқарудың бақылау жұмыстарына ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор (бұданәрі - ҒЖП), ЖООКББ, кафедра меңгерушілері және ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты оқытушылар (ғылыми жетекшілер және ғылыми кеңесшілер) жүзеге асырады.

3.1.3. Ғылыми тағылымдамаларға, зерттеу практикаларға жетекшілікті ғылым докторы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент) профессор бар және ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын оқытушылар және (немесе) білім алушының оқу қызметінің осы түрлерінің бейініне сәйкес болатын ғылыми жарияланымдары бар ғылыми қызметкерлер, практик-мамандар жүзеге асырады.

3.1.4. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистранттың академиялық аттестатау тәртібі осы Ережемен айқындалады.

## 3.2. МАГИСТРАНТТЫҢ МҒЗЖ (МЭЗЖ) ҮДЕРІСІН ЖОСПАРЛАУ:

3.2.1. Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) жоспарлау және ұйымдастыру БББ мен зерттеу тақырыбы негізінде жүзеге асырылады.

3.2.2. Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті мыналар болып табылады:

1) магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

3.2.3. МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарлануы мүмкін.

3.2.4. Оқу үдерісін жоспарлау кезінде Университет ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасының (2 жылдық оқу), жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына сәйкес бейіндік магистратура

Scanned with CamScanner

бағдарламасының компоненттерін бөлуде (1,5 жыл және 1 жылдық оқу) белгіленген нормаларды басшылыққа алады.

3.2.5. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ) кемінде 24 кредит бөлінеді. Бейіндік магистратурада магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына (МЭЗЖ) оқу мерзімі 1,5 жыл болған жағдайда кемінде 18 кредит, ал оқу мерзімі 1 жыл болған жағдайда кемінде 13 кредит бөлінеді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Әрбір академиялық кезеңдегі МҒЗЖ (МЭЗЖ) кезеңдері мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары және академиялық күнтізбе негізінде айқындалады.

3.2.6. Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды (1-қосымша).

3.2.7. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);

3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);

4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

3.2.8. Білім беру бағдралмасының жұмыс оқу жоспарын қалыптастыруды, жоспарлауды және педагогикалық практика бойынша есеп беруді жетекші проректор қадағалайды және бұл үдерістер ЖОЖ-ын қалыптастыру бойынша нұсқаулықпен, Университеттің практиканы ұйымдастыру және жүргізу туралы Ережемен реттеледі.

3.2.9. МҒЗЖ (МЭЗЖ) тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі мен есеп беру формасы осы Ереженің 5.3.-бөлімінің тармақтарына сәйкес анықталады.

3.2.10. МҒЗЖ (МЭЗЖ) мақсаты - магистрантты өз бетімен ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмысын, магистрлік диссертациясын (жобасын) жазуға және сәтті қорғауға дайындау.

3.2.11. МҒЗЖ (МЭЗЖ) міндеттері:

-ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарын жүргізу және библиографиялық жұмыстарды жүргізудегі біліктілікті дамыту;

-ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстарын орындау кезінде туындайтын мәселелерді қалыптастыру және оларды шешу;

-нақты зерттеу тапсырмалары негізінде (магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми жетекшінің тапсырмаларын негізге ала отырып) қажетті зерттеу әдістерін өзгерту, жаңа әдістерді әзірлеу;

-зерттеу барысында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;

Scanned with CamScanner

-деректерді талдау, өңдеу және аяқталған зерттеулерді әзірлемелер түрінде (ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп, баяндама, ғылыми мақалалар, магистрлік диссертация (жоба)) ұсыну.

3.2.12. МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

3.2.13. Магистрант Университет келісімшарт жасаған немесе кез-келген басқа ЖОО, ғылыми-зерттеу институттары (ғылыми жетекшінің келісімі бойынша) болатын серіктес Университеттерден ғылыми тағылымдамадан өте алады. Ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі емтихан сессиясына сәйкес келмейтін кезеңде 4 семестрде жоспарланған.

3.2.14. Келісім-шарттар, меморандумдардың жобасын жауапты кафедралар әзірлейді. Магистранттар шетелдік тағылымдамадан өту қажеттілігі болған жағдайда, бүкіл оқу мерзімінің ішінде 10 күнге 1 (бір) рет шетелдік жоғары оқу орнының шақыруы бар магистранттар өз есебінен өтулеріне болады.

3.2.15. Кафедрада магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау кезінде кафедра меңгерушілері келесі іс-шаралар өткізеді:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты мен мазмұнын ғылыми жетекшімен бірге анықтау;
- магистрлің диссертацияның (жобаның) орындалуы туралы жоспар құру;
- ғылыми жариялымдар, практика жоспарын жасау;
- жоспарлау, әдістеме, жобалау және зерттеу нәтижелерін рәсімдеу мен ұсыну мәселелері бойынша магистранттың ғылыми жетекшісінен кеңес алу.

## 3.3. МҒЗЖ (МЭЗЖ) ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

3.3.1. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

1. Магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
2. Өзектілігінің, ғылыми жаңалығының және практикалық маңыздылығының болуы;
3. Ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
4. Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып орындалуы;
5. Негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;
6. Тиісті білім беру саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуі.

3.3.2. Бейінді магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

Scanned with CamScanner

1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;

3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

5.3.3. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

3.3.4. МҒЗЖ нәтижелері келесі көрсеткіштерден кем болмауы қажет:

**- 1-ші академиялық кезеңде:**

- диссертацияның тақырыбы және ондағы жұмыстың кестесі көрсетіліп, негізгі іс-әрекеттер мен оларды орындау мерзімдері көрсетіледі;

- диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;

- таңдап алынған тақырыптың өзектілігін негіздеу және зерттелетін мәселенің ағымдағы жағдайының сипаттамалары;

- пайдаланылатын әдістемелік аппараттың сипаттамасы, зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылатш негізгі әдеби көздерді таңдау және зерттеу.

-зерттеудің теоретикалық базасы ретінде қолданыла алатын негізгі әдебиет көздерін жинау мен талдау. Әдебиет көздерін талдаудың негізін талданатын мәселенінің теоретикалық аспектілерін толық ашатын ақпарат көздері, ең алдымен ғылыми журналдардың басылымдары мен ғылыми монографиялар құрауы тиіс;

- зерттеу тақырыбы бойынша теоретикалық жұмыстың 25% кем емес көлемін орындау;

- МҒЗЖ нәтижелері бойынша есеп беру.

**- оқу жылының 2-ші академиялық кезеңінде:**

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі қазіргі жарияланымдарға негізделген диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді егжей-тегжейлі талдау;

-өзекті ғылыми-зерттеушілік басылымдарға негізделетін және жүргізілетін зерттеу саласының алдыңғы қатарлы мамандарының көмегімен алынған, негізгі нәтижелер мен ережелерден тұратын магистрлік диссертацияның тақырыбы бойынша теоретикалық материалдарды жүйелеу;

- зерттеу саласындағы жетекші сарапшылар алған негізгі нәтижелер мен қорытындыларды талдау және диссертацияда олардың қолданылуын бағалау;

- әдебиеттерді шолуда зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін, ең алдымен соңғы 3-5 жылдағы ғылыми монографиялар мен мақалаларды, ғылыми

Scanned with CamScanner

басылымда немесе халықаралық/республикалық конференция материалдары бойышша жариялымның болуы;

- диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кемінде 60% -ын орындау.

- МҒЗЖ нәтижелері бойынша академиялық аттестаттаудан өту.

**- Үшінші академиялық кезеңнің нәтижесі:**

- деректер жинау әдіснамасын әзірлеуді, нәтижелерді өңдеу әдістерін, олардың сенімділігін және диссертацияны аяқтау үшін жеткілікті дәрежеде бағалауды қоса алғанда, диссертациялық жұмыстың нақты материал жинағын дайындау;

- кемінде 1 жариялымның болуы;

- диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кемінде 75% -ын орындау.

- МҒЗЖ нәтижелері бойынша есеп беру.

**- МҒЗЖ орындаудың 4 академиялық кезеңінде:**

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс;

- магистерлік диссертацияның соңғы мәтінін дайындау мен оны рәсімдеу, зерттеу тақырыбы бойынша теоретикалық және эксперименталды жұмыстың 100% орындау;

- магистрлік диссертацияның мәтінін антиплагиат жүйесінен өткізу.

- ғылыми тағылымдамадан өту.

3.3.5. Магистранттың ғылыми-зерттеу соңғы қорытындысы магистрлік диссертация болып табылады.

3.3.6. МЭЗЖ нәтижелері келесі көрсеткіштерден кем болмауы қажет:

**- 1-ші академиялық кезеңде:**

- жобаның тақырыбы және ондағы жұмыстың кестесі көрсетіліп, негізгі іс-әрекеттер мен оларды орындау мерзімдері көрсетіледі;

- жобаны зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;

- жобаның зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді егжей-тегжейлі шолу, ол қазіргі жарияланымдарға негізделеді және зерттеу саласындағы жетекші сарапшышар алған негізгі нәтижелер мен мәлімдемелерді талдауды, диссертациялық зерттеу шеңберінде олардың қолданылуын бағалауды қамтуы;

- әдебиеттерге шолудың негізі соңғы 3-5 жылда зерттелетін мәселенің практикалық аспектілерін анықтайтын дереккөз болуы;

- жобаны зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кем дегенде 40% -ын орындау.

**- 2-ші жартыжылдықтың МЭЗЖ қорытындысы:**

- ғылыми мақалада немесе халықаралық/республикалық конференция материалдары бойынша кемінде 1 жарияланым болуы;

- зерттеу тақырыбы бойынша теоретикалық және эксперименталды жұмыстардың 100% кем емес көлемін орындау;

Scanned with CamScanner

- магистрлік диссертацияның соңғы мәтінін антиплагиат жүйесінен өткізу;
- кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына міндетті түрде қатысу, сонымен қатар ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды ұйымдастырып, ғылыми кафедралық тақырыптарды орындау.

3.3.7. Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік жоба болып табылады.

## 3.4. МАГИСТРАНТТЫҢ МҒЗЖ (МЭЗЖ) ЕСЕП БЕРУ, ТАЛДАУ ТӘРТІБІ

3.4.1. Әр академиялық кезеңнің соңында магистрант ҒЗЖ (ЭЗЖ) бойынша есеп береді (2-қосымша). МҒЗЖ (МЭЗЖ) бойынша есеп берудің нысандары: дерексіз хабарламалар, есептер, мақалалар, плакаттар туралы есептер, компьютерлік бағдарламалар, бейнематериалдар, макеттер.

3.4.2. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспарын орындалуы кафедра мәжілісінде талқыланады. Кафедра мәжілісінде магистранттың жоспарын орындау немесе орындамау туралы шешімі хаттамаға қорытынды түрінде көрсетіледі.

3.4.3. Оқу жылының соңында кафедра мәжілісінде магистранттың жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттауды өткізеді.

3.4.4. Кафедралар білім беру бағдралмаларына сәйкес мәжіліс хаттамасынан көшірмесін ЖООКББ бөліміне өткізеді. Әр магистрант өздерінің жеке жоспарына аттесталғандығы жөнінде белгіні қояды.

3.4.5. Кафедра мәжілісі хаттамасы көшірмесі негізінде ЖООКББ курстан-курсқа көшіру бұйрығын дайындайды.

3.4.6. МҒЗЖ (МЭЗЖ) бойынша магистранттардың жұмысы «АНТИПЛАГИАТ» жүйесі негізінде білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінде пайдалану нысанына тексеру» УЕ-13-24 Университет ережесіне сәйкес білім алушылардың жазба жұмыстарын тексеруге арналған «Антиплагиат» жүйесінен міндетті түрде тексеруден өтеді.

3.4.7 Орындалған МҒЗЖ (МЭЗЖ) нәтижелеріне сәйкес, ғылыми жетекші қорытынды жасайды. Ғылыми жетекші магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) көрсеткіштерін Platonus бағалау жүйесіне бағалайды.

3.4.8 Магистранттың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық есеп нәтижелері бойынша жетекші емтихан ведомостын толтырады. Магистранттың емтихан парағында әрбір академиялық кезеңнің соңында білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес баға қойылады.

3.4.9 Магистранттың ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижесі магистрлік диссертацияларды дайындау бөлімдері бекіткен әдістемелік нұсқауларға сәйкес әзірленген магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

Scanned with CamScanner

3.4.10 Магистрлік диссертацияларды рәсімдеу тәртібін, мазмұны мен талаптарын сақтау кафедраның магистрлік диссертацияны орындауға арналған әдістемелік нұсқауын көрсетілген.

3.4.11 Магистрлік диссертация құрылымындағы мазмұны мен ресімделуі, плагиат жүйесінде тексеру, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну мен қорғау процедурасы «Магистрлік диссертация (жоба) туралы» УЕ-40/25 Университет Ережесінде айқындалған.

## 3.5.МАГИСТРАНТТЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ

3.5.1. Инновациялык технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салаларда қызмет көрсету аясына қатысты салаларында ғылыми тағылымдамадан өту керек.

3.5.2. Тағылымдама серіктес жоғары оқу орындарында, ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салалардағы ұйымдарда немесе ынтымақтастық туралы Келісім (Меморандум) бойынша қызмет салаларында жүзеге асырылады.

3.5.3. Тағылымдаманың орны білім беру бағдралмасының ғылыми бағытына және магистрлік диссертация (жоба) тақырыбына сәйкес болуы керек.

3.5.4. Кафедра магистранттың тағылымдамадан өту орны мен мерзімі анықтайды.

3.5.5. Ғылыми тағылымданы ресімдеу үшін магистранттар іссапардың болжамды мерзімінен 4 апта бұрын (Қазақстан және жақын шетел), 6 апта бұрын (алыс шетел) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- Ректордың атына кафедра меңгерушісінің қолы қойылған ЖООКББ бөлімі бастығының ұсынысы;
- Білім беру бағдарламасының бейіні бойынша серіктес ЖОО-дан, ғылыми ұйымдардан немесе білім беру бағдарламасына сәйкес жоғары оқу орындарынан алынған шақырту хаттың көшірмесі. Шақырту хат шет тілінде болған жағдайда, оның аудармасы қоса тіркеледі;
- Серіктес ЖОО-мен, ғылыми ұйыммен келісімнің/меморандумның көшірмесі.

Магистрант ғылыми тағылымдама жоспарын/іссапар куәлігін Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығынан алуы қажет.

3.5.6 Магистрант ғылыми тағылымдаманының қорытындылары бойынша шығарушы кафедраның мәжілісінде есеп береді.

3.5.7. Тағылымдамадан өткеннен кейін 5 күн ішінде магистрант ғылыми тағылымдама жоспарын, есепті ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі қолдарын қойдырып (3-қосымша) немесе тағылымдама өткен мекемеде жасалған есепті ЖООКББ тапсыруы тиіс.

Scanned with CamScanner

3.5.8. Магистранттардың тағылымдамасын қаржыландыру магистранттардың өз қаражаты және шетелдік компонент бағдарламасын қабылдаушы ұйымның есебінен қаржыландыру жағдайларын қоспағанда, заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

3.5.9. Магистранттардың тағылымдамасын заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қаржыландыру, қабылдаушы ұйым есебінен қаржыландыру жағдайларын қоспағанда, тиісті ұйым бөлген сома шегінде жүзеге асырылады.

3.5.10. Іссапар шығыны магистранттың өз есебінен төленеді.

## 3.6. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСТАРЫ ЕРЕЖЕСІН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

3.6.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ережесінің жобасын құрастырушы ЖОО кейінгі білім беру басшысы ғылыми істер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі басшысымен келісіледі.

3.6.2. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ережесі Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып мақұлданады.

3.6.3. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ережесі Университет ректорымен бекітіледі.

3.6.4. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ережесі сапа менеджмент жүйесі бөлімінде тіркеледі. Ереженің ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойынша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

## 3.7. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСТАРЫ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

3.7.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ережесі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

3.7.2. Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

3.7.3. Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен сапа менеджмент жүйесі бөлімінде сақталады.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары туралы ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына ЖООКББ бөлімінің басшысы жауапты.

Scanned with CamScanner

**Жазбалар тізімі:**

1. Магистранттың жеке жұмыс жоспары УЕ-43-25 ФР 01 (қосымша 1)
2. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есеп УЕ-43-25 ФР 02 (қосымша 2)
3. Ғылыми тағылымдама бойынша есеп УЕ-43-25 ФР 03 (қосымша 3)
4. Ғылыми тағылымдама жоспар УЕ-43-25 ФР 04 (қосымша 4)

Scanned with CamScanner

**Қосымша 1. Магистранттың жеке жұмыс жоспары**

УЕ-43-25 ФР 01

**ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

_________________________________________ ФАКУЛЬТЕТІ

Бекітемін
«ЖОО кейінгі білім беру»
бөлімі басшысы________
__________ 20___ж.

**МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

*Магистратураға қабылданған мерзімі ______________________20___ ж.*
*Магистратураны аяқтау мерзімі __________________________20___ ж.*

___________________________________________________________________________

(магистранттың аты-тегі)

Дайындық бағытының коды мен жіктелуі ___________________________
_____________________________________________________________________

Білім беру бағдарламасының коды және атауы ______________________
__________________________________________________________________

Дайындаубағыты:___________________________________________________
*(ғылыми-педагогикалық немесе бейіндік)*

Оқумерзімі:_____Оқыту нысаны___________________________________
(*ақылы немесе білім беру гранты)*

Кафедра ____________________________________________________________

Магистрлік диссертациятақырыбы: ______________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

(Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілді. Хаттама №___ ____ ________20__ж.)

Ғылымижетекші: _____________________________________________

Scanned with CamScanner

_______________________________________________________________

*(ғылыми дәрежесі, атағы, тегі, аты, әкесінің аты)*

Магистранттың диссертацияны ұсыну мерзімі: ______________

Шымкент, 2025

**Магистрант оқу мерзімінде міндетті:**

- Жеке оқужоспарын толық орындау;
- Педагогикалық және зерттеу практикасынан өту;
- жұмысты антиплагиаттан өткізу;
- магистрлік диссертацияны(жобаны) аяқтау, алдын ала сараптама жүргізу және тиісті қорытынды алу үшін кафедраға ұсыну;
- магистрлік диссертацияны (жобаны)қорғау.

Магистрант қабылданғаннан кейін екі айдан кешіктірмей ғылыми жетекшімен жеке жұмыс жоспарын құрастыруға және оны кафедраға, ЖОО кейінгі білім беру бөліміне тапсыруға міндетті.

Магистрант қабылданғаннан кейін екі айдан кешіктірмей кафедра мәжілісінде диссертацияның тақырыбын бекітуге міндетті.

Ғылыми-зерттеунемесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

Магистрант оқу жылының соңында тиісті кафедрада академиялық аттестаттаудан өтуге және келесі оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспарын толтыруға міндетті.

## 1. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ
**(негіздемесі мен құрылымы)**

Магистрлік диссертация тақырыбы:«______________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________».

Өзектілігі: ______________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

Магистрлік диссертацияның міндеттері мен мақсаттары__________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

Ғылыми жаңалығы: ________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

Құрылымы: _______________________________________________________
____________________________________________________________

Scanned with CamScanner

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Магистрант__________________________ _________________ 20__ж.

Ғылымижетекші______________________ _________________ 20__ж.

## 2. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ОРЫНДАЛУ ЖОСПАРЫ:

**Диссертация бойынша жұмыс:**

- әдебиетке шолу;
- тақырып бойынша библиографияны құрастыру;
- диссертацияға материал жинау (мұрағаттарда, мекемелерде, экспедицияларда, зертханаларда, ғылыми институттарда жұмыстар жүргізу, эксперименттік зерттеулер жүргізу) ;
- материалды өңдеу;
- диссертация материалдары бойынша есептер дайындау және оларды кафедраның, кеңестердің отырыстарында жариялау;
- диссертация мәтінінің 1 нұсқасын дайындау;
- диссертацияның 1 нұсқасын аяқтау бойынша жұмыс;
- диссертацияның соңғы нұсқасының қосымшасымен әдеби ресімдеу және дайындау;
- антиплагиаттан өткізу;
- диссертацияға реферат/аннотация әзірлеу;
- диссертацияны қорғауға ұсыну;
- диссертацияны қорғау.

| Жұмыстың қысқаша мазмұны | Орындау мерзімі, есеп нысаны | Орындалуытуралыбелгі |
|---|---|---|
| Теориялық бөлім | | |
| Эксперименттік бөлім | | |
| Талдау бөлімі | | |

Scanned with CamScanner

| Ұсыныс бөлімі | | |
|---|---|---|

Магистрант_____________________ ________________ 20___ж.

Ғылымижетекші_____________________ ________________ 20___ж.

## 3. ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

**1 семестр**

Базалық пәндер (БП) циклі – _________ кредит

- *Жоғарғы оқу орны компоненті (ЖК) - ________ кредит*
